

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПӘНДЕР
КАФЕДРАСЫ



БЕКІТЕМІН
Тарих және құқық
институтының директоры
Б.С.Жұмағұлов
« 23 » _____ 2018 ж.

«6D050100 – ФИЛОСОФИЯ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША
ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы № 261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы № 109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;
- ҚР БЖҒМ 2013 ж. 10 сәуіріндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 158 бұйрығымен бекітілген «6D020100 - Философия» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде даярланды.

Құрастырған: ф. ғ. д., профессор

Қабаева Ж.Ә.

Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № 10 хаттама, «22» мамыр 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі:
ф.ғ.д., профессор

Әбсаттаров Р.Б.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Тарих және құқық институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: № 10 хаттама, «25» мамыр 2018 ж.

Мамандыққа кіріспе

Бағдарлама философия бойынша PhD докторантурасына түсу үшін емтиханға дайындалуға арналған және ол философия ғылымы негіздерінің магистрлік бағдарламасы көлемінде философия курсымен ізденушілерге таныс болуы ескерілген.

Сұрақтар «Философия» курсы бойынша типтік бағдарлама негізінде құрылған және философия және оның магистратура бөлімдері бойынша пән мазмұнына сәйкес келеді.

Сұрақтар бағдарлама бөлімдері бойынша жіктелген. Сынақ емтиханы философияның теориялық негіздемесі, генезисінің және негізгі бағыттары туралы білімді, диалектиканың, онтологияның, гнесеологияның, адам және қоғам мәселесін жайлы білімді тексеруге арналған.

Осы бағдарлама мен сұрақтардың негізінде теория бойынша (философия пәні, адам және қоғам мәселесі, сонымен қатар таным мен таным онтология теориясы) және философия тарихы, соның ішінде отандық философия тарихы бойынша екі сұрағы бар емтихан билеттері құрылады.

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ СИПАТЫ (тақырыбы, өткізу түрі, бағалау критерийлері)

Емтихан тақырыбы

Негізгі тақырып философияның түйінді мәселерін қамтиды: философия пәні, философия тарихы, таным теориясы, адам және қоғам, қазақ философиясы.

Емтихан өткізудің түрі

Қабылдау емтиханы емтихан билеттері бойынша ауызша сұрау түрінде өтеді оған философия ғылымның түйінді сұрақтарының үшеуі кіреді

Баға критерийлері

«Өте жақсы» баға(10-8 балл) – барлық бағдарламалық материалдарды терең білу, қаралатын құбылыстар мен процестердің мәні мен өзара байланысын түсіну, аралас пәндердің негізгі сипаттарын терең білу, емтихан комиссиясы мүшелерінің барлық емтихан билеттері мен қосымша сұрақтарына логикалық тұрғыдан толық және нақты, дұрыс жауап беру.

«Жақсы» баға(7-6 балл) – барлық бағдарламалық материалдарды әжептәуір толық білу, қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын білу, қойылған сұрақтарға берген жауаптардың кейбір кемшіліктерін жоя отырып, тыянақты, нақты жауап беру.

«Қанағаттарлық» баға (5-4 балл) – бағдарламаның негізгі сұрақтарын терең білу және түсіну, қойылған сұрақтарға көп қателеспей, емтихан алушының қосымша сұрақтарына мүдірмей жауап беру.

«Өте жаман» баға(3-1 балл) – негізгі бір сұраққа дұрыс жауап бермеу, жауапта өріскел қате жіберу, талданып отырған мәселенің мәнін түсінбеу, қосымша сұрақтарға тыңғылықты және нақты жауап бермеу.

Бағдарлама мазмұны

Тақырып 1. Философия пәні

Философия, оның пәні мен тағайындалуы. Философияның функциялары: эвристикалық, гносеологиялық, аксиологиялық, герменевтикалық, әдіснамалық, т.б.

Философия генезисі, оның мәдени-тарихи алғышарттары. Философия танымының негіздемесі мен құрылымы. Философияның негізгі әдістері. Канттың, Делездың, т.б. философияға берілген анықтамалары.

Дүниеге көзқарастың ұғымы. Философия дүниеге көзқарас ретінде. Миф, дін, философия.

Оқу берудің философиялық негіздері. Гуманизм білімнің жоғарғы принципі ретінде.

Дүниені философиялық түрінде ұғу. Болмыс, материя негізгі категориялар ретінде. Онтология.

Философиядағы болмыс мәселесі. Болмыстың негізгі формалары және олардың қатынасы. Субстанция категориясы. Материя философиялық категория ретінде. Қозғалыс, даму. Материяның негізгі атрибуттері. Эйнштейннің ілімі бойынша материяның, қозғалыстың, кеңістіктің және уақыттың бірегейлігі. Материяның қалыптасуы мен құрылымы жайлы заманауи ғылым.

Тақырып 2. Философия тарихы

Ежелгі Шығыс философиясы. Ежелгі Үндістан мен Ежелгі Қытайдың философиялық мектептері.

Антикалық философия: негізгі мектептер және олардың сипаттамасы. Антикалық философия тарихының кезеңделуі. Платон философиясы және оның мемлекет туралы зерттеулері.

Аристотель философиясы: онтология, логика және таным теориясы. Аристотель этикасы.

Аристотельдің формальдық логикасы. Ғылымдардың классификациясы. Эллинистикалық философия.

Христиандық апологетика және патристика. Августин Блаженскийдің ілімі. Ортағасырлық схоластика. Фома Аквинскийдің философиясы. Номинализм және реализм. Ортағасырлық араб фалсафасы. Аль Фараби, ибн Сино, ибн Рушди, т.б. Суфизм. Қайта өрлеу дәуірінің философиясы. Н.Кузанскийдің диалектикасы. Пантеизм. Антропоцентризм. Гуманизм. Н.Коперниктің, Дж.Бруно, Г.Галилейдің ғылыми идеяларының философиялық-дүниеге көзқарастық мәні. Жаңа Уақыттың философиясы. Ғылыми танымның әдістеме мәселесі және әлемнің механикалық суретінің қалыптасуы. Эмпиризм мен рационализмнің күресі. Декарттың дуализмі. Бэконның монадологиясы. Білім күш. Қайта өрлеу философиясы және XVIII ғ. француз материализмі. Ж.Ж. Руссо, Ф. Вольтердің философиялық ілімдері. И.Кант философиясы неміс классикалық философиясының түпнегізі ретінде. Гегель философиясындағы жүйе және әдіс. Л.Фейербахтың антропологиялық материализмі және гуманизмі. Марксизм философиясы. К.Маркс пен Ф.Энгельс еңбектеріндегі тарихтың материалистік түсінігі және диалектика. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы орыстың діни философиясы. В. Соловьев, Бердяев Н., Л. Шестов, П. Флоренский, т.б. XX ғ. философиясы: жалпы сипаттама және негізгі ағымдар. Әлемдік философиялық үрдістің бірлігі мен көптүрлілігі. Иррационализм. Өмір философиясы. Экзистенциализм. Прагматизм. Неотомизм. Неопозитивизм және постпозитивизм: ұқсастықтары мен айырмашылықтары. Позитивизм. Эмпириокритицизм. Аналитикалық философия, феноменология және герменевтика қазіргі заман философия ағымдары ретінде және олардың өзара қарым-қатынасы. Ғылым философиясы: К. Поппер, И. Лакатос, Т.Кун, П. Фейерабенд, М.Поланидің анықтамалық емес білімі.

Тақырып 3. Таным теориясы

Таным философиясының пәні. Танымның субъект мен объект мәселесі. Білім формаларының көптүрлілігі. Ғылыми білім, ғылыми емес білім. Квазиғылым

Танымдағы сезімдік пен рационалдықтың байланысы. Танымның эмпирикалық және теориялық деңгейлері және олардың өзара қарым-қатынасы. Философиядағы ақиқат мәселесі. Ақиқат критерийлері. Абсолюттік және салыстырмалы ақиқат. Шындық және адасу. Практика ақиқаттың критериясы. Диалектика теория мен әдіс негізінде. Софистика, эклектика және метафизика диалектика альтернативтері ретінде. Диалектиканың категориялары мен негізгі заңдылықтары, олардың логико - әдіснамалық мағынасы. Ғылым – танымның ерекше формасы. Ғылыми таным білім мен қызметтің бірлігі ретінде. Ғылым әдіснамасы философиялық тәртіп ретінде. Ғылыми білімнің құрылымы мен динамикасы. Ғылыми революция мәселесі.

Техника түсінігі. Ғылыми-техникалық дамудың философиялық мәселелері. Технократизмді сынау. Техногендік өркениет. Антитехнизм.

Философиядағы сана мәселесі. Сана, тіл және ойлау. Сана және өзін өзі тану.

Саналық және бейсаналық. Бейсаналық құрылымындағы классикалық және қазіргі замандық психоанализ.

Қоғамдық және жеке-дара сана. Қоғамдық сананың негізгі формасы және олардың өзара байланысы.

Тақырып 4. Адам және қоғам

Қоғам – әлеуметтік философиялық пәні ретінде. Материалдық және рухани өндірістер, тарихи процесстерде олардың өзара байланысы. Қоғамның функциялары және дамуы. Тарих әлеуметтік өмірдің шынайылығы ретінде. Тарих философия. Қоғамның құрылымы. Маркстік (класстық) қоғамдық бөлу және стратификация теориясы. Әлеуметтік мобильділіктің түсінігі. Антропосоциогинез – еңбек, сана, ұжымдық адамның ұрпаққа бермеу ретінде. Қоғам және табиғат. Биосфера және ноосфера түсініктері. Экологияның мәселесі: олардың себебі мен шешу жолдары.

Философиядағы адам мәселесі. Адамның тағайындалуы және негізгі биологизаторлық және әлеуметтік статусы. Философиядағы тұлға мәселесі. Персонализм. Адам, индивид, индивидуалдық, тұлға түсініктердің байланысы. Еркіндің және тұлғалық жауапкершілігі.

Адами мәселелердің экзистенциалдық және неотомистикалық трактовкалары. Зайырлы және діни экзистенциализм.

Тақырып 5. Құндылық мәселесі және олардың философиялық иерархиясы.

Құндылық бағдардың әлеуметтік және тұлғалық негіздері. Адамның болмыстық мәні. Өмір мәселесі, өлім және адамның мәңгі өмір сүру философиясы. Заманауи мәселелердің глобалдылығы және олардың философиядағы мән. Шығыс – Батыс мәдени дихотомия жүйесіндегі адам. Мәдениет және өркениет мәселелері. Мәдениет адамның әлемі ретінде, оларды өзіндік анықтау мен өзіндік дамыту тәсілдері. Мәдениеттің бірлік және әртүрлілік мәселесі. Мәдениет диалогы: Шығыс - Батыс – Қазақстан. Адамның ұлттық мәдениет қалыптасуындағы жағдайы және ұлттық өзіндік сананың халықта қалыптасуы, өзіндік идентификациялау мәселесі. Адам Қазақстанның ұлттық мәдениетінің әртүрлі өлшемі ретінде. Этникалық және жалпы адам құндылықтары. М. Шелер. Құндылықтың иерархиясы. Адам Қазақстанның көпұлттық мәдени этникалық қозғалыс жүйесі ретінде.

Тақырып 6. Қазақ философиясы.

Қазақ философиясының дамуы және қалыптасу кезеңдері және негіздері. XV – XVIII ғ.ғ. – қазақ ақын жырауларының көзқарастары. Әл-Фараби философиясы және оның әлеуметтік философиялық көзқарасы. Абайдың негізгі этикалық ұстамы «Адам бол».

Абай: «Қара сөздер»

Ш. Құдайбердиевтің философиясы. Ш. Уәлихановтың философиялық және әлеуметтік саяси көзқарасы. Ы. Алтынсаринның өркендеушілік көзқарасы. С. Торайғыров және оның қазақ философиясының дамуына қосқан үлесі. XIX ғ. аяғы мен XXғ. басындағы қарастырылған Қазақ қоғамдық ойлардың негізгі ағымдары. Либералдық – өркендеудегі Еуропаға бағдарлану (Буржуазиялық - ұлттық) - А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, А. Бөкейқанов; дәстүрлі – ұлттық Шығыс мұсылмандарының халықтық, діни және әлеуметтік құндылықтарына бағдарлану.

Философияның кеңес, посткеңестік кезеңдегі Қазақстанда дамуы; қорытындылар мен перспективалар. «Мәңгі ел» идеясының философиялық аспектілері.

Ұлт жоспары – 100 кадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамы. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Үшінші модернизациясы жаһанды бәйсекелестік қабілет» атты жолдауының философиялық идеялары.

Н.А.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы сыни ойлау туралы.

Ұсынылған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер

1. Кішібеков Д., Кішібеков Т. Ғылым тарихы мен философиясы. Алматы. 2014
2. Артемьев А.И.; Мырзалы С.Қ. Ғылым тарихы және философиясы. Алматы. 2011.
3. Лебедев С. А. Философия науки. Учебник для магистров.. —3-е изд.. — М.: Юрайт, 2015.
4. Мареев С.Н. Классическая философия и «философия науки». М., 2012.
5. История Восточной философии. М., 2010.
6. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // Егемен Қазақстан. 31.01.2017.
7. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // Егемен Қазақстан. 12.04.2017. №70 (29051)

Қосымша әдебиеттер

1. Антология античной философии. – М., 2001
2. Рассел Б. История западной философии. Т. 1. – М., 1993
3. Реале Д., Антисери Д. Западная философия от истоков до наших дней. – СПб, 1994
4. Чанышев А.Н. Курс лекций по древней и средневековой философии. – М., 2001
5. Кабаева Ж.Ә..Батыс –Қазақстан- Шығыс: таным және мәдениет. –Алматы: Лира, 2017.
6. Кабаева Ж.Ә. Ғылымның дербес аспектілерін философиялық тұрғыдан ұғыну. – Алматы, 2017.

Анықтамалық әдебиеттер: (5 тен көп емес)

1. Философский словарь/ Автор – составитель Подоприга. – 2 – е изд. Ростов-на-Дону. 2013.
2. Философия в вопросах и ответах: Учебное пособие. – М., 2010
3. Философский энциклопедический словарь. – М., 1997 (1989,1983)
4. Философия науки: терминологический словарь/ Лебедев С.А. – М., 2011.